

## 2010 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы N 17 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 1 ақпанда N 7-7-101 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 маусымдағы N 345 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2011.06.24 N 345 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңын іске асыру бойынша шаралар туралы" 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына сәйкес, еңбек нарығында жағдайды жақсарту және аудан ұйымдарынан түскен сұраныс пен ұсыныстарды ескере отырып, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеленов ауданы бойынша 2010 жылғы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аудан әкімдігінің "2009 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 25 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-7-83 нөмірімен тіркелген және 2009 жылғы 28 ақпандағы N 9 аудандық "Ауыл тынысы" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. М. Құлжановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Ғ. Қапақов

Қ о с ы м ш а

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

N 17 қаулысына

**Зеленов ауданы бойынша 2010 жылғы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері**

N п/п	Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбелері	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қаржыландыру көздері	Қоғамдық жұмысқа қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері (теңге)	Жұмыстың көлемі мен нақты жағдайлары
				14952	
				14952	
				14952	
		1. Елді мекендерді санитарлық тазарту, көгалдандыру және абаттандыру, орман саябағы шаруашылығын қорғау және дамыту. 2. Жол салуда, жөндеуде және		14952	

1.	Аудандағы ауылдық округ әкімі аппараттары	<p>күтудегі қосалқы жұмыстар.</p> <p>3. Тұрғын үйді, әлеуметтік-мәдени саладағы объектілерді жөндеудегі қосалқы жұмыстар.</p> <p>4. Әлеуметтік-мәдени саладағы объектілерді қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындаудағы қосалқы жұмыстар.</p> <p>5. Республикалық және аймақтық қоғамдық шараларға қатысу (қоғамның ой-пікірін сұрастыру, халықтың санағын және малбасының есебін алу, референдум мен сайлау өткізу, мүлікті жариялау, әлеуметтік карталар мен құжаттарды құру, күзгі және көктемдік қарулы күштер қатарына шақыру т.б.)</p>	Жергіікті бюджет	14952	Қазақстан Республикасының Еңбек Зандарына сәйкес жұмыс беру-
2.	Зеленов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі				
3.	Зеленов ауданы әкімдігінің "Коммуналь-ник" (шаруашылық жүргізу құқығындағы) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны				
4.	Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы Зеленов аудандық бөлімшесі	<p>6. Көлемдік мәдениеттік шараларға қатысу (спорттық жарыстар, фестивальдар, балалар спорт алаңдарын тұрғызу, т.б.).</p> <p>7. Аудандық округтерінің аумағындағы үй-малбасы мен төлдердің есебі.</p> <p>8. Көктемгі күзгі мезгілде жастар әскер қатарына шақырылғанда қосалқы көмек көрсету.</p> <p>9. Елді мекендерді санитарлық тазарту, көгалдандыру және абаттандыру.</p>		14952	
				14952	

	10. Зейнет- ақыны қайта есептегенде қосалқы көмек көрсету.		шімен белгі- ленеді
		1 4 9 5 2	
		1 4 9 5 2	
		14952	